

«Ерекше білім беру қажеттілігі бар баламен
жеке жұмыс »

«Балапан» ортаңғы қазақ тобы

Тәрбиешілер: Жантаева Н.М
Абилкасымова А.А

Ермексазбен жұмыс

Тәрбиеленуші: Ермагамбетов Иса

Өткізген күні: 06.10.2025

Мақсаты:

Балаға ермексазды илеу, созу, домалақтау арқылы қарапайым пішіндер жасауды үйрету, қолдың ұсақ моторикасын, сенсорлық қабылдауын және шығармашылық қызығушылығын дамыту.

Міндеттері:

Ермексазды алақанмен илеуге үйрету;

Ермексазды домалақтап шар жасауға дағдыландыру;

Созу арқылы «шұжық» пішінін жасауға үйрету;

1–2 түсті ажыратып қолдануға үйрету;

Қарапайым нұсқауды тындап, әрекетті соңына дейін орындауға дағдыландыру;

Жұмыс барысында мадақтау арқылы жағымды эмоционалдық орта қалыптастыру.

Ермексазбен жұмыс үлгілері

Бала нені үйренді:



Ермексазды алақанмен илеуді;

Домалақтап шар жасауды;

Созып қарапайым пішін (шұжық) жасауды;

1–2 түсті ажыратуды;

Өз жасаған жұмысын көрсетіп, қуана білуді.

Түстерді және пішіндерді ажырату

Тәрбиеленуші: Ермагамбетов Иса

Өткізген күні: 20.11.2025

Мақсаты:

Балаға негізгі түстерді (қызыл, көк, сары) және қарапайым пішіндерді (дөңгелек, шаршы, үшбұрыш) ажыратуды үйрету, көру арқылы қабылдауын, зейінін және ұсақ моторикасын дамыту.

Міндеттері:

2–3 негізгі түсті бір-бірінен ажыратуға үйрету;

Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш пішіндерін танып көрсетуге дағдыландыру;

Заттарды түсі немесе пішіні бойынша сәйкестендіруге үйрету;

Нұсқауды тыңдап, қарапайым тапсырманы орындауға дағдыландыру;

Жұмыс барысында мадақтау арқылы жағымды эмоционалдық орта қалыптастыру.

Пішіндер мен түстер үлгісі

Бала нені үйренді:



Қызыл, көк, сары түстерді ажыратуды;

Дөңгелек, шаршы, үшбұрыш пішіндерін тануды;

Заттарды түсі бойынша топтастыруды;

Қарапайым нұсқауды тыңдап орындауды;

Өз жұмыс нәтижесін көрсетіп, қуана білуді.

Құммен ойнау, кинетикалық құм

Тәрбиеленуші: Ермагамбетов Иса

Өткізген күні: 10.12.2025

Мақсаты:

Балаға құммен қарапайым әрекеттер жасау арқылы (қю, себу, қалыпқа салу) сенсорлық қабылдауын, ұсақ моторикасын және тактильді сезімталдығын дамыту, өз әрекетіне қызығушылығын арттыру.

Міндеттері:

Құмды қолмен ұстап, сипап көруге үйрету;

Құмды ыдыстан ыдысқа құю дағдысын қалыптастыру;

Қалып арқылы қарапайым пішін жасауды үйрету;

«Құрғақ – дымқыл», «көп – аз» ұғымдарын ажыратуға дағдыландыру;

Нұсқауды тындап, бір әрекетті соңына дейін орындауға үйрету;

Жағымды эмоциялық жағдай қалыптастыру.

Бала нені үйренді:



Құмды қолымен ұстап, сезінуді;

Құмды бір ыдыстан екінші ыдысқа құюды;

Қалып арқылы қарапайым пішін жасауды;

«Құрғақ» және «дымқыл» құмды ажыратуды;

Конструктормен қарапайым жұмыс түрі

Тәрбиеленуші: Ермагамбетов Иса

Өткізген күні: 15.01.2026

Мақсаты:

Балаға ірі бөлшекті конструктор арқылы қарапайым құрылыс (мұнара) құрастыруды үйрету, қолдың ұсақ моторикасын және түстерді ажырату дағдысын дамыту, өзіне деген сенімділігін қалыптастыру.

Міндеттері:

2–4 ірі бөлшекті бірінің үстіне бірін дұрыс орналастыруға үйрету;

Негізгі түстерді (қызыл, көк, сары) ажыратуға дағдыландыру;

Нұсқауды тындап, оны кезең-кезеңімен орындауға үйрету;

Бастаған ісін соңына дейін жеткізуге ынталандыру;

Жұмыс барысында мадақтау арқылы жағымды эмоциялық орта қалыптастыру.

Бала нені үйренді:



Конструктор бөлшектерін бірінің үстіне бірін дұрыс орналастыруды;

2–3 түсті ажыратуды;

Қарапайым мұнара құрастыруды;

Нұсқауды тындап орындауды;

Өз жұмысына қуанып, нәтижесін көрсетуге дағдыланды.